

Мұғалжар аудандық мәслихатының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 136 "2022-2024 жылдарға арналған Жұрын ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 маусымдағы № 230 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Мұғалжар аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мұғалжар аудандық мәслихатының "2022-2024 жылдарға арналған Жұрын ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 136 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2022-2024 жылдарға арналған Жұрын ауылдық округ бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 248 687 мың теңге:

салықтық түсімдер – 2 775 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 786 мың теңге;

трансферттер түсімі – 245 126 мың теңге;

2) шығындар – 248 831,6 мың теңге:

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -144,6 мың теңге:

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 144,6 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 144,6 мың теңге.";

2 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Қазақстан Республикасының "2022-2024 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Заңының 9 бабына сәйкес белгіленгені еске және басшылыққа алынсын:

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төмен мөлшері – 60 000 теңге;
- 2) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 19 450 теңге;
- 3) зейнетақының ең төмен мөлшері – 46 302 теңге;

4) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 063 теңге;

5) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 36 018 теңге;

2022 жылғы 1 сәуірден бастап:

1) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 20 191 теңге;

2) зейнетақының ең төмен мөлшері – 48 032 теңге;

3) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін айлық есептік көрсеткіш – 3 180 теңге;

4) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 37 389 теңге.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар аудандық
мәслихатының хатшысы

Р. Мусенова

Мұғалжар аудандық
мәслихатының 2022 жылғы 27
маусымдағы № 230 шешіміне
қосымша

Мұғалжар аудандық
мәслихатының 2021 жылғы 30
желтоқсандағы № 136 шешіміне
1 қосымша

2022 жылға арналған Жұрын ауылдық округ бюджеті

санаты	сыныбы			сомасы (мың теңге)
		кіші сыныбы		
			атауы	
			1. КІРІСТЕР	248 687
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	2 775
	01		Табыс салығы	203
		2	Жеке табыс салығы	203
	04		Меншікке салынатын салықтар	2 339

		1	Мүлікке салынатын салықтар	76
		3	Жер салығы	109
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2 060
		5	Бірыңғай жер салығы	94
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	233
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	233
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	786
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	786
		1	Жерді сату	638
		2	Материалдық емес активтерді сату	148
4			Трансферттердің түсімдері	245126
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	245126
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	245126

функционалдық топ					сомасы (мың тенге)
	кіші функция				
		бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
			бағдарлама		
			Атауы		
			II. ШЫҒЫНДАР	248 831,6	
01			Жалпы сипаттағы	40 142	

				мемлекеттік қызметтер	
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	40 142
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	40 142
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	29 402
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	10 740
07				Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық	2 840
	3			Елді мекендерді көркейту	2 840
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2 840
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 340
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1 500
12				Көлік және коммуникация	3 800

	1			Автомобиль көлігі	3 800
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 800
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3 800
13				Басқалар	202 045
	9			Басқалар	202 045
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	202 045
			057	Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру	202 045
15				Трансферттер	4,6
	1			Трансферттер	4,6
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	4,6
			048	Пайданылмаған (толық пайданылмаған)	4,6

				нысаналы трансферттерді қайтару	
				V. Бюджет тапшылығы (-144,6 профициті)	
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (144,6 профицитін пайдалану)	
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	144,6
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	144,6
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	144,6
			01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	144,6